

Иманқұлова Меруерт Амантайқызының «Қазақ тілі біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациясына

ПІКІР

Диссертация тақырыбындағы «Таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері» деген ұғым-түсінік қазақ тіл білімінің негізін салушылар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулеріндегі ой-тұжырымдарына негізделеді. Диссертация тақырыбының өзектілігі де осыдан келіп шығады, себебі бұл аталған ғалымдар тіл білімінің түрлі салаларын зерттеген барлық дерлік ғылыми жұмыстарда әр қырынан сөз болып, сілтеме келтіріліп жүр. Бірақ Иманқұлова Меруертке дейін ешкім аталған ғалымдардың еңбектерін таным теориясының негізін қалаушы ретінде біртұастықта зерттеген емес.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы – А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясын менгеру моделін жасаудында. Модель таным теориясының теориялық, әдіснамалық, әдістемелік негіздері мен ұстанымдарынан тұрады. Диссиденттың өзінің ойшылдарының танымын зерделеуге білімі мен ақыл ойының жеткендігін осы таным теориясын менгерудің моделі көрсетіп-ақ тұр.

Таным теориясының теориялық негіздері етіп ұлы ғалымдар қалаған когнитивтік теория мен білім беру теориясын, әдіснамалық негізі етіп лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық, философиялық, әлеуметтік теорияны, әдістемелік негіз етіп әдістер мен тәсілдерді, жаңа технологияларды алады. Ал таным теориясын менгерудің ұстанымдары етіп дүниені қабылдау, категориялау, концептуалдау, қатысымдық-әлеуметтік, «толық адам» қалыптастыру, креативті ойлау үдерісін дамыту, ғылымилық, жүйелілік, теория мен практиканың бірлігі ұстанымдарын алуды да, менімше, дау туғызбаса керек.

Жұмыстың теориялық жаңалығы – диссиденттың «таным» деген не, «дүниетаным» деген не, «тіл таным» деген не, «танымдық әрекет» деген не деген сұрақтарды алға тарта отырып, соның жан-жақты ұғым түсініктері мен анықтамасын беруінде. Жұмыстың теориялық маңызын А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми негіздерін анықтап, оларды әлемнің тілдік бейнесі, термин жасаудағы танымы, тіл мен таным бірлігі, тіл мен мәдениет тұластығы, тіл мен қоғам тұластығы және тіл мен сананың көрінісі деп жүйелеп беруі құрайды.

Жұмыстың тағы бір теориялық жаңалығы – таным теориясының әдіснамалық негіздерін анықтаудында. Танымның әдіснамалық негіздерін сала-сала бойынша А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінен іздел тауып, олардың кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде қалай көрініс тапқандығын ұштастыра талдайды.


Зерттеу жұмысының әрі теориялық, әрі практикалық маңызы – таным теориясын оқытуда қолданылатын әдістер мен технологияларды сырттан

іздемей, осы зерттеу нысаны болып отырған ғалымдардың еңбектеріндегі ой-тұжырымдардан тауып, дәлелдей алудында. Диссертант жүргізген эксперимент көрсеткеніндей, сауалдарға берген жауаптардан студенттердің білім деңгейі төмен. Дүниетаным мен тілтанымға қатысты жаңа бағыттағы пәндер оқытылып жатқандығына қарамастан, студенттердің таным теориясына қатысты білімдерінің жұтандығы оның осы Иманқұлова Меруерт Амантайқызының зерттеуіндегідей сияқты жүйеленіп берілмеуінде, пән ретінде тұтастықта оқытылмауында деп білемін.

Диссертант сабак үлгілерінде берілген тапсырмалар жүйесін де осы үш ғалымның еңбектеріндегі ой-тұжырымдарға құрады, бұл өте сәтті шыққан.

Қорыта айтқанда, менің диссертантым Иманқұлова Меруерт Амантайқызының өзіндік ізденістері мен пайымдауларын жоғары деңгейде деп танып, зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен теориялық-практикалық маңызы бар деп есептеп, қорғауға жіберуге әбден болады деп түйіндеймін.

Ғылыми кеңесшісі,
филология ғылымдарының
докторы, профессор



Г.С.Косымова